

№ 161 шешім
27 мамыр 2014 жыл

**Шалқар ауданы бойынша
азаматтық қызметші болып табылатын
және ауылдық жерде жұмыс істейтін
денсаулық сақтау, әлеуметтік
қамсыздандыру, білім беру, мәдениет,
спорт және ветеринария саласындағы
мамандарға жиырма бес пайызға
жоғарылатылған айлықақылар мен
тарифтік ставкаларды белгілеу
туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 бабына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
О.Уксакбаев

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
С.Тулемисов

